

Серғали ТОЛЫБЕКОВ (1907-1995)

Ғалым-экономист, экономика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. Қызылорда облысы Қазалы ауданы Байқожа ауылында туған. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) бітірген. 1932-1938 жылдары Абай атындағы ҚазПИ Саяси экономика кафедрасының ассистенті, доценті, 1938-1942, 1947-1950 жылдары Абай атындағы ҚазПИ директоры. 1950-1952 жылдары кафедра меңгерушісі, 1952-1963 жылдары - Қазақ КСР Ғылым академиясының Экономика институтының директоры болды. 1963-1974 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының ректоры болды. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін Абай атындағы ҚазПИ кеңесші-профессоры болып жұмыс істеді. 1959-1964 жылдары КСРО Ғылым Академиясының Саяси экономика мәселелері жөніндегі Ғылыми кеңесінің мүшесі бола жүріп, экономика, тарих саласы бойынша ғылыми зерттеулерді дамытуға, сондай-ақ жоғары білікті педагог кадрлар мен экономистерді даярлауға елеулі үлес қосты. Ол «17-19 ғғ. қазақтардың қоғамдық-экономикалық құрылымы», «Ресейге қосылу қарсаңында Қазақстанның экономикалық дамуы», «17-20 ғғ. басында қазақтардың көшпелі қоғамы: саяси-экономикалық талдау», тағы басқа ғылыми еңбектер жазған. Ол Е. Бекмахановтың тарихи еңбектерін сыни тұрғыдан бағалап, пікірталастарға белсенді қатысты. Серғали Толыбеков өмірінің соңғы жылдарында қазақ халқының шығу тегі мен шежіресін зерттеумен айналысқан. Оның 1992 жылы жарық көрген «Қазақ шежіресі» кітабында қазақ халқының тарихы мен шежіресі туралы қызықты деректер келтірілген. Екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.